

17.02.2025ж күні "Zhanibekov CUP II" факультетаралық пікірсайыс турнирі. Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектерін дәріптеу мақсатында университетімізде "Zhanibekov CUP II" атты факультетаралық пікірсайыс турнирі өтті. Бұл додада пікірсайысшылар білім мен тапқырлықтарын сынап қана қоймай, Ө.Жәнібековтің еңбектерін талқылады. Бұл жай ғана жарыс емес, тұлғаның мұрасын қайта зерделеу мен ой еркіндігін қалыптастыру алаңы болды. Пікірсайысшылар Ө. Жәнібековтің ұлт мәдениеті мен білім саласына қосқан үлесін саралап, өз ойларын ортаға салды. Жарыссөз қорытындысы бойынша АПФ форматы бойынша физика-математика факультетінің «Уақыт керуені» фракциясы Бексейт Рамазан және Қаранар Әйгерім 1-орынды иеленді. Жаратылыстану факультетінің «Мұрагер» фракциясы Исенбай Бейбарс пен Кожамкулова Ұлжан 2-орынды, Тарих-педагогика факультетінің «Тарихты үйретеміз» Мұхит Шұғыла және Теңес Мейрамбек фракциясы 3-орынды иеленді.



